



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ЭТИКА БОЙЫНША  
КЕҢЕС ТУРАЛЫ  
**ЕРЕЖЕ**



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ


1 нұсқасы:  
01.02.2021

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС  
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

1 бет

**МАЗМҰНЫ**

1	Жалпы ережелер	2
2	Кеңестің негізгі міндеттері мен қызметтері	3
3	Кеңестің қызметін ұйымдастыру	3
4	Қызметтік тексеруді өткізу тәртібі	5
5	Педагогикалық этиканың бұзылуы үшін жауапкершілік	6
6	Педагогикалық этика қағидалары	8
	Қорытынды ережелер	10

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ	ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ	1 нұсқасы: 01.02.2021
	ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2 бет

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Педагогикалық этика бойынша Кеңес туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Университет) педагогикалық этика бойынша Кеңесінің негізгі мақсаттарын, қызметін, құрылу тәртібін және өкілеттігін, сондай-ақ, Университет педагогтары міндетті түрде қадағалауы тиіс педагогикалық этика қағидаларын анықтайды.

1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:


- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI «Педагог мәртебесі туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген педагог лауазымдарының тізбесіне;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығымен бекітілген педагогикалық әдептің (этиканың) кейбір мәселелері туралы құжатқа;
- Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт Министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 25 бұйрығымен бекітілген аталған министрліктің «Қазақ ұлттық өнер университеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына.

1.3 Педагогикалық этика бойынша Кеңес (бұдан әрі – Кеңес) – Университет педагогтарының педагогикалық этиканы қадағалауына бақылауды іске асыратын, сондай-ақ, этикалық нормаларды және педагогикалық тәртіпті бұзу фактілерін қарастыратын алқалы орган.

1.4 Педагогикалық этика бойынша Кеңеске білім алушылар, білім алушылардың ата-аналары/занды өкілдері, Университет педагогтары және басқа қызметкерлері, сондай-ақ, мемлекеттік органдар жүгіне алады.

1.5 Университет педагогтарына жатқызылады:

- мектеп мұғалімдері;
- колледж оқытушылары;
- Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы;
- құрылымдық бөлімшелердің басшылары;
- интернат меңгерушісі;
- әлеуметтік педагог;
- тәрбиешілер;
- сүйемелдеушілер (аккомпаниаторлар);
- концертмейстерлер.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 01.02.2021
	<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	3 бет

## **2 КЕҢЕСТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ**

### 2.1 Кеңестің негізгі міндеттері:

- Педагогикалық этика бұзылуының мониторингі, профилактикасы және алдын алу;
- Университет ұжымындағы адамгершілік-психологиялық жағдайды жақсартуға, педагогикалық этиканы бұзуға байланысты туындайтын шиеленісті жағдайларды реттеуге ықпал ету;
- Университет ректорына ұсынысты дайындау үшін педагогикалық этиканы бұзуға ықпал еткен жағдайларды, себептерді әділ және толық зерттеу;
- Университеттегі педагогикалық қызметтің беделін түсіретін педагогикалық этиканы бұзудың алдын алуға бағытталған шараларды әзірлеу;
- Университеттің педагогикалық қызметкерлерінің педагогикалық этиканы қадағалаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдау.

### 2.2 Негізгі міндеттерге сәйкес Кеңес келесі қызметтерді орындайды:

- Университет педагогтарының педагогикалық этиканы қадағалауын бақылау;
- педагогикалық этиканы бұзу жағдайларын қарастыру, педагогикалық этиканы бұзуға ықпал еткен жағдайларды, себептерді жан-жақты зерттеу, орын алған бұзылуға жауапкершілік туралы Университет ректорына ұсыныстар беру;
- тараптарды ымыраға (келісімге) келтіру бойынша жұмыс жүргізу;
- тәртіпті нығайту, педагогикалық этиканы бұзудың алдын алу бойынша ұсыныстарды енгізу.


2.3 Кеңес Университет педагогтарының педагогикалық этиканы бұзу жағдайларын Университеттің қауіпсіздік қызметі бөлімі қызметтік тексеру өткізгеннен кейін қарастырады.

## **3 КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

3.1 Кеңестің құрамына төраға және мүшелері кіреді. Кеңес мүшелерінің саны тақ болуы және 7 адамнан кем болмауы тиіс.

3.2 Кеңестің дербес құрамы Университеттің Педагогикалық кеңесіне 3 жылдық мерзімге сайланады және ректордың бұйрығымен бекітіледі.

3.3 Кеңестің құрамына келесі тұлғалар кіреді:

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 01.02.2021
	<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	4 бет

- білім басқармаларының, кәсіподақтардың, үкіметтік емес ұйымдардың және білім беру саласында қызмет атқаратын қоғамдық ұйымдардың өкілдері;
- кемінде, екі педагог;
- зейнеткерлік демалысқа шыққан педагогтар.

Университет ректоры, әкімшілік-басқару қызметкерлерінің өкілдері, білім алушылардың ата-аналары Кеңестің құрамына енгізілмейді.

3.4 Кеңестің құрамына келесі тұлғалар енгізілмейді:

- соттың шешімімен әрекет етуге қабілетсіз немесе әрекет ету қабілеті шектеулі деп танылған;
- соттың шешімімен белгілі бір мерзім ішінде мемлекеттік лауазымды иелену құқығынан айрылған;
- мемлекеттік қызметтің абыройына нұқсан келтіретін тәртіптік теріс мінез-құлық үшін жұмыстан шеттетілген;
- бұрын сотталған немесе құқық қорғау органдарынан теріс себепке байланысты шеттетілген.

3.5 Кеңестің Төрағасы мен хатшысы Кеңестің бірінші жиналысында көпшілік дауыспен сайланады. Кеңестің хатшысы Университет қызметкерлерінің қатарынан сайланады.

3.6 Кеңестің хатшысы мәселелерді талқылауға және дауыс беруге қатыспайды. Кеңестің хатшысы Кеңестің іс қағаздарын жүргізуді, оның мүшелері мен шақырылған тұлғаларға жиналысты өткізу күні мен орны туралы хабарлауды, хаттаманы жүргізуді және сақтауды, өтініштер мен Кеңестің атына келген хаттарды тіркеуді қамтамасыз етеді. Кеңестің хатшысы Кеңес шешімдерінің орындалуына мониторингті қамтамасыз етеді және олардың орындалу нәтижелері туралы Кеңестің мүшелеріне хабарлайды.


3.7 Кеңестің жиналыстары жұмыс жоспарына сай кемінде, тоқсанда бір рет, сондай-ақ, қажеттілігіне қарай өткізіледі.

3.8 Кеңес мүшелерінің жалпы санының, кемінде, үштен екісі қатысқан болса, Кеңестің жиналыстары құқықты саналады.

3.9 Кеңестің мүшесі немесе онымен бірге тұратын жақын туыстары ісі қарастырылатын тұлғамен туыстық қарым-қатынаста болса немесе осы тұлғадан қызметтік немесе басқа тәуелділікте болса, оған істі талқылауға және іс бойынша дауыс беруге қатысуға болмайды. Бұл жайында тиісті істің талқылануы басталғанға дейін Кеңестің мүшесі басқа мүшелерді хабардар етеді.

3.10 Шешім жиналыста қатысушылардың көпшілік дауыс санымен қабылданады. Дауыстар тең түскен жағдайда Кеңес төрағасының дауысы шешуші саналады.

3.11 Кеңес төрағасы қатыспаған жағдайда оның тапсыруымен Кеңес мүшелерінің бірі төрағаның міндеттерін орындайды.

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 01.02.2021
	<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	5 бет

3.12 Кеңестің жиналыстары Кеңес төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттамамен рәсімделеді.

3.13 Кеңесте қарастырылатын істер бойынша шешімдер он бес күнтізбелік күн ішінде қабылданады. Егер басқа тұлғалардан ақпарат алу қажет болса, қарастыру мерзімі 30 күнтізбелік күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

3.14 Педагогқа қатысты істің қарастырылуы келесі кезеңге тоқтатылуы мүмкін:

- еңбекке уақытша жарамсыздық;
- демалыста немесе іс-сапарда болу;
- мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау;
- дайындықта, қайта дайындықта, біліктілікті арттыру курстарында, тағылымдамада болу.

3.15 Жауапкершілікке тартылған тұлғаларды Кеңестің хатшысы жиналыс өткізілгенге дейін, кемінде, үш күн бұрын жазбаша түрде хабардар етуі тиіс. Жауапкершілікке тартылған тұлғалар жиналыс болатын күн туралы тиісті түрде хабардар етілген болса, жиналыс олардың қатысуынсыз да өткізілуі мүмкін.

3.16 Тиісті түрде хабардар ету дегеніміз – қолхат алумен немесе хабарламаны/шақыруды тіркеуді қамтамасыз ететін басқа да байланыс тәсілдерін пайдаланумен өзіне немесе онымен бірге тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелеріне тапсырылатын хат, тапсырыс хат, жеделхат арқылы тұлғаға хабарлау.

3.17 Осы Ереженің 3.4 тармағында қарастырылған жағдайлар орнаған кезде, сондай-ақ, Кеңес мүшесі өлім-жітімге ұшыраған жағдайда Кеңес мүшесінің қызметі тоқтайды.


3.18 Кеңестің шешімі бойынша келесі жағдайларда Кеңес мүшесі оның құрамынан шығарылуы мүмкін:

- Кеңес мүшесінің Кеңестің құрамынан шығу туралы өтініш беруінде;
- Кеңес жиналыстарына дәлелді себепсіз жылына үш реттен артық қатыспауында;
- Педагогтың жазбаша келісуінсіз қарастырылатын іс туралы жария етуінде;
- Осы Ереженің 3.9 тармағының талаптарын бұзуында.

#### **4 ҚЫЗМЕТТІК ТЕКСЕРУДІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

4.1 Қызметтік тексеру Университет ректорының бұйрығымен тағайындалады және теріс қылық жасалған немесе анықталған күннен бастап он бес күннен аспайтын мерзімде өткізілуі тиіс. Университет ректорының бұйрығы болмаса, қызметтік тексеруді өткізуге рұқсат етілмейді.

4.2 Білім алушылардың, олардың ата-аналарының/занды өкілдерінің,

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 01.02.2021
	<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	6 бет

педагогтардың және Университеттің басқа қызметкерлерінің шағымы негізіндегі педагогикалық этиканың бұзылу жағдайлары тараптардың ымыраға (келісімге) келуімен шешілмесе, құрылымдық бөлімшелердің басшыларының баяндауы қызметтік тексеруге негіздеме болады.

4.3 Қызметтік тексеру дегеніміз – орын алу жағдайларын анықтау мақсатында педагогикалық этиканың бұзылуы туралы материалдар мен мәліметтерді жинау және тексеру.

4.4 Қызметтік тексеруді өткізу қауіпсіздік қызметі бөліміне жүктеледі. Қызметтік тексеру бойынша құжаттар мен материалдардың құқықтық сараптамасын өткізу құқықтық қамтамасыз ету бөліміне жүктеледі.

4.5 Қызметтік тексеру барысында қауіпсіздік қызметі бөлімі педагогтан оған таңылған теріс қылық жағдайлары туралы жазбаша түсініктеме алуға, педагогикалық этиканың бұзылуы орын алуы жағдайларына қатысты барлық материалдар мен мәліметтерді жан-жақты және толық қарастыруға міндетті.

Педагог аталған түсініктемені екі жұмыс күні ішінде беруден бас тартқан жағдайда сәйкес акт жасалады. Актіге қауіпсіздік қызметі бөлімінің, колледж және мектеп бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру қызметінің (колледж бен мектеп педагогтары үшін) немесе академиялық мәселелер жөніндегі қызметтің (жоғары оқу орнының педагогтары үшін) басшылары, сондай-ақ, аталған қызметкер жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшенің басшысы қол қояды.

4.6 Қауіпсіздік қызметі бөлімі қызметтік тексерудің нәтижелерін Университет ректорына береді.

4.7 Университет ректоры қауіпсіздік қызметі бөлімі қорытындысының негізінде келесі шешімдерді қабылдайды:

- Қызметтік тексеру материалдарын Кеңестің қарастыруына жіберу;
- Материалдарды қосымша қызметтік тексеруге жіберу.


## **5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКАНЫҢ БҰЗЫЛУЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК. КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ**

5.1 Кеңес Университет педагогтарының педагогикалық этиканы орындауын бақылауды іске асырады.

5.2 Педагогикалық этиканы орындауды бақылау дегеніміз:

- Педагогикалық этиканы бұзу жағдайларын қарастыру;
- Орын алған бұзу жағдайлары үшін жауапкершілік туралы Университет ректорына ұсыныстар беру;
- Одан әрі педагогикалық этиканы бұзуға жол бермеу мақсатында ұсыныстарды әзірлеу.

5.3 Кеңес қызметтік тексеру материалдарын қарастырады және педагогикалық этиканы бұзуға қатысты фактілерді зерттейді. Кеңес оған

 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 01.02.2021
	<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	7 бет

қатысты қызметтік тексеру өткізілген педагогты және қауіпсіздік қызметі бөлімінің өкілдерін тыңдауы тиіс. Сондай-ақ, Кеңес куәларды тыңдауы және теріс қылыққа қатысты кез келген фактілерді зерттеуі тиіс.

5.4 Кеңес педагогқа қатысты қызметтік тексеру тағайындалуына негіз болған барлық жағдайлар мен себептерді анықтауы тиіс.

5.5 Қызметтік тексеру барысында педагог жазбаша түсініктеме беруден бас тартқан жағдайда Кеңес жазбаша түсініктемені қайтадан сұрастырады. Педагог аталған түсініктемені беруден бас тартқан жағдайда бұл факт хаттамаға енгізіледі.

5.6 Түсініктеме беруден бас тарту кінәлі танылған педагогты жауапкершіліктен босатпайды.

5.7 Педагогтың жауапкершілігі мәселесін қарастырған кезде Кеңес келесі мәселелердің шешуін табады:

- Педагогтың жауапкершілігін қарастыру үшін негіз болатын нақты әрекеттің (әрекетсіздіктің) орын алуы/алмауы;
- Бұл әрекеттің (әрекетсіздіктің) педагогикалық этиканы бұзу екендігі/еместігі;
- Педагогтың педагогикалық этиканы осы бұзуды жасауы/жасамауы;
- Аталған бұзуда педагогтың кінәсі болуы/болмауы.

5.8 Педагогикалық этиканы орындау туралы мәселені қарастыруда педагогтың келесі құқықтары бар:


- Қарастырылатын мәселе туралы жазбаша түрде ақпарат алу;
- Істің барлық материалдарымен танысу;
- Құқықтары мен құқықты мүдделерін барлық заңға қайшы келмейтін тәсілдермен өзі немесе өкілі арқылы ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте қорғау;
- Шешімді жазбаша түрде алу;
- Қабылданған шешім бойынша ҚР заңнамасында белгіленген тәртіпте шағымдану.

5.9 Кеңес педагогикалық этиканы бұзу жағдайларын қарастыру кезінде оның барлық мән-жайын ескерумен жасалған бұзу үшін жаза шарасын анықтайды.

5.10 Кеңес келесі жаза шараларын қабылдауы мүмкін:

- ауызша ескерту;
- педагогтың жеке ісіне енгізумен жазбаша сөгіс;
- педагогты нақты сыныптағы/топтағы жұмыстан шеттету;
- педагогтың бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) жіберген негізсіз сыны үшін көпшілік алдында кешірім сұрауы және/немесе жазбаша бас тартуы;
- педагогтың жұмыстан шығарылуы.



 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОҢЕР УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 01.02.2021
	<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	8 бет

5.11 Кеңестің шешімі ұсыныс сипатында болады. Кеңес істі қарастыру қорытындылары бойынша педагогқа тиісті жаза шараларын тағайындау немесе тағайындамау туралы Университет ректорына ұсыныстар береді.

5.12 Университет ректоры еңбек және басқа заңнаманың талаптарына сәйкес Кеңестің ұсыныстарын ескерумен түпкілікті шешім қабылдайды.

5.13 Жаза қолдану орынсыз деп танылған жағдайда Университет ректоры педагогқа педагогикалық этиканы орындау қажеттігі туралы ескерту берумен шектелуі мүмкін.

5.14 Кеңестің хатшысы өтініш берушіге оның шағымын қарастыру нәтижелері туралы жазбаша хабарлайды.

5.15 Педагогқа қатысты қарастырылған істің мән-жайы және оның негізінде қабылданған шешімдер педагогтың жазбаша келісуімен ғана жария етілуі мүмкін.

## **6 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКА ҚАҒИДАЛАРЫ**

6.1 Педагогикалық этика – Университет педагогтары басшылыққа алатын педагогикалық этиканың жалпы ұстанымдары мен нормаларының жиынтығы.

6.2 Педагогикалық этиканың негізгі ұстанымдары:

6.2.1 Адал ниеттілік – оқыту және тәрбие беру нәтижесіне жауапкершілік, өзінің қызметіне түзету енгізе білу, кез келген пікірлер үшін ашық болу.

6.2.2 Адалдық – оқу қызметінің ашықтығы және айқындығы.

6.2.3 Тұлғаның абыройын құрметтеу – білім алушылармен, олардың ата-аналарымен, әріптестермен, т.б. әдепті қарым-қатынаста болу, күш көрсетуге, рухани және психологиялық жәбірлеу әдістерін қолдануға жол бермеу.

6.2.4 Жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеу және төзімділік – әрбір ұлттық мәдениеттің ерекшеліктеріне, құндылықтарына және абыройына құрметпен қарау; әлеуметтік жағдайға, ұлтқа, діни көзқарасқа, жынысқа, нәсілге, нанымға, т.б. тәуелсіз түрде білім беру процесінің барлық қатысушыларымен бірдей, тең қарым-қатынаста болу.

6.2.5 Отаншылдық (патриотизм) – отанымыз – Қазақстан Республикасына, оның тарихына, дәстүрлеріне, тіліне шынайы берілгендік қасиеті.


6.2.6 Ниеттестік және берілгендік – Университетке құрметпен және шынайы берілгендік көзқараста болу, Университеттің беделіне, білім алушылардың білім деңгейіне және тәрбиесіне қамқорлық көрсету.

6.2.7 Кәсіби ынтымақтастық – мамандықтың мәртебесіне қамқорлық, әріптестеріне кәсіптік міндеттерін орындауда көмек көрсету.

6.2.8 Кәсіптік дамудың үздіксіздігі – өзінің шеберлігін, зерделік, шығармашыл және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіру.

6.3 Педагогикалық этиканың негізгі нормалары:

6.3.1 Педагогикалық этиканың негізгі ұстанымдарын қадағалау.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 01.02.2021
	<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	9 бет

6.3.2 Білім алушыларды жоғары адамгершілік, ата-анаға, этно-мәдени құндылықтарға құрмет, қоршаған әлемге қамқорлық тұрғысында тәрбиелеуге ықпал ету.

6.3.3 Отаншылдықты тәрбиелеу, білім алушыларға отанымыз – Қазақстан Республикасын құрметтейтін көзқарасты дарыту.

6.3.4 Қазақстан Республикасының педагогы деген жоғары атақтың беделін түсіретін әрекетке жол бермеу.

6.3.5 Өзінің қызметтік міндеттерін адал ниетпен және сапалы атқару.

6.3.6 Кәсіби шеберлігін ұдайы жетілдіру, өздігінен білім алу және өзін-өзі жетілдіру.

6.3.7 Еңбек тәртібін мүлтіксіз қадағалау.

6.3.8 Университет мүлкіне мұқият қарау, оны жеке мақсатта пайдалануға жол бермеу.

6.3.9 Өзінің қызметтік міндеттеріне жемқорлық әрекеттерге жол бермейтін, адал көзқарас.

6.3.10 Қызметтік ақпаратты пайдақорлық немесе басқа жеке мақсатта пайдалануға жол бермеу.

6.3.11 Өзі үлгі көрсету арқылы ұжымда тұрақты және өнегелік-психологиялық оңтайлы жағдай орнатуға ықпал ету.

6.3.12 Қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде іскерлік сипаттағы киім киіну үлгісін қадағалауға тырысу.

6.3.13 Өзінің педагог мәртебесін пайдақорлық немесе басқа жеке мақсатта пайдалануға жол бермеу.

6.3.14 Академиялық адалдық ұстанымдарын қадағалау, білім алушыларға білім беру, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсететін және академиялық әділетсіздік көріністеріне жол бермейтін академиялық орта құру.


6.3.15 Көпшілік алдында Университеттің атынан сөз сөйлеуді, БАҚ басылым жариялауды Университет әкімшілігімен мақұлдастыру.

6.3.16 Көпшілік алдында жеке тұлға ретінде өзінің атынан сөз сөйлеуде, БАҚ басылым жариялауда орынсыз сынға және әдепсіз сөйлеуге жол бермеу, халыққа жария етуге рұқсат етілмеген және педагогтың жоғары атағы мен Университеттің абыройына нұқсан келтіруі мүмкін қызметтік ақпаратты жария етпеу.

6.3.17 Білім алушының немесе оның ата-анасының/ заңды өкілдерінің (кәмелетке толмаған білім алушылар үшін) жазбаша келісуінсіз білім алушының табыстары мен жетістіктерінің, білім алушы және оның ата-анасы/ заңды өкілдері туралы жеке мәліметтердің құпиялығын жария етпеу.

6.4 Педагогтардың білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынасы:

6.4.1 Жасына, жынысына, ұлтына, діни нанымына, әлеуметтік жағдайына және басқа кез келген жағдайға тәуелсіз түрде адамның құқығын, абыройын құрметтейді.

 КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	<b>ҚР МСМ «ҚазҰӨУ» РММ</b>	1 нұсқасы: 01.02.2021
	<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭТИКА БОЙЫНША КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ</b>	10 бет

6.4.2 Білім алушымен жалпы қабылданған өнегелік-этикалық нормаларды қадағалаумен әдепті түрде тілдеседі.

6.4.3 Қаржылық немесе басқа бопсалау фактілеріне жол бермейді, әріптестері тарапынан да мұндай әрекеттерді тоқтатуға тырысады.

6.4.4 Өзінің әрекеттерімен қоғам тарапынан негізді сынға себепші болмайды, орынды сынға төзімділік танытады, оны өзінің кемшіліктерін жоюға және кәсіптік қызметін жақсартуға пайдаланады.

6.4.5 Білім алушыларға кәсіптік қолдау көрсетеді.

6.4.6 Педагогикалық этиканың бұзылуына шағымданған тұлғаларды кемсітуге ұшыратпайды.

6.5 Педагогтар әріптестерімен қарым-қатынаста:

6.5.1 Жалпы қабылданған өнегелік-этикалық нормаларды қадағалайды, сыпайы және дұрыс көзқарас танытады.

6.5.2 Басқа педагогтың біліктілігіне көпшіліктің алдында күмән келтірмейді.

6.5.3 Жалаң сөзді және дәлелсіз шағымдардан аулақ болады, педагогикалық этиканың бұзылуына шағымданған тұлғаға қарсы жауапты шараларды қолданбайды.

6.5.4 Педагогтар ҚР заңнамасына сәйкес педагогикалық этиканы бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылады.

## **7 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

7.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

7.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары негізінде Педагогикалық кеңес енгізеді.